

**Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын қызметінің сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау жұмыстары нәтижесінде қалыптастырылған анықтама жобасына жария талқылау**

**ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

20.06.2024 жыл

**Төрайым: С.Сагитова - басшы орынбасары**

**Хатшы: А.Асанов - заңгер**

**Катысқандар: Кәсіпорынның қызметкерлері және әкімшілік жұмыскерлері.**

**Күн тәртібінде**

Түркістан облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын қызметінің сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау жұмыстары нәтижесінде қалыптастырылған анықтама жобасына талқылау.

Төрайым етуші С.Сагитова 2024 жылғы 17 мамыр – 28 маусым аралығына жоспарланған Қазақстан Республикасының «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңының 8-бабы 5-тармағына және «Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу дің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылғы 16-ақпандағы №21 бұйрығын орындау мақсатында кәсіпорынның 2024 жылғы 4-мамыр №34 н/к бұйрығымен құрылған топпен сыйбайлас жемқорлық тәуекелінің туындауына жол беретін себептер мен жағдайларға ішкі талдау жұмыстары жүргізілгенін баяндады.

Нәтижесінде кәсіпорынның Мемлекеттік сатып алу бойынша жұмыс жүргізу барысында жұмыс тобымен сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталды. Анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері бойынша баяндамашы компланс қызметіне жауапты маман А.Асанов сөз сөйлемді. Баяндамашы мекеменің сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында жұмысшы топпен бір қатар кемшіліктердің анықталғанын айтты. Атап айтқанда мекеменің мемлекеттік сатып алу бойынша келіп түскен тауарларды қабылдау барысында жалғыз өзі қабылдауы және хаттама түзілмеуі яғни тауарды жеткізуши тұлғамен мемлекеттік сатып алу бойынша қызметкер өзара келісімге келуі мүмкін. Бұл сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудырады.

Төрайым етуші сөз кезегін алып, күн тәртібінде талқыланған мәселелер өзекті екендігін айтып, қатаң бақылауға алу қажеттілігін тапсырды. Мемлекеттік сатып алу бойынша түскен тауарларды жұмыс тобы құрылып хаттама түзіліп қабылдан алу бойынша жұмыстар жүргізілуді және келешекте сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілерін жасауға жол бермеу басты назарда болуы туралы айтты. Жиналыс төрайымы жиналысты қорытындылады.



Жиналыс төрайымы:

С.Сагитова

Хатшы:

А.Асанов

Орындаған: А.Асанов

Тел: 8 771 149 70 70